

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Куралай» балабақшасы

Топ: кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 12.02 - 16.02.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Турукпаева Кульмира

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланы үйдегі қаупсіздік ережелерімен таныстыру", "Баланы өздігінен киіну тәртібіне үйретудің маңызы", "Баланың далаға киіну тәртібі".				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</b>	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді куту барысында	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, үйкелеп жууын қадағалау; өз	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сұртуге ынталандыру, оыйншықтармен тазалықта ойнау	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында түрған оыйншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су

	суарудың үлгісін көрсету; балаларды сүсепкішті ұстап, суару амалына үйрету.	орамалын тауып, қолын сұртіп, орнына ілуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	оыйиннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау.	болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау.	астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.
	<b>Саусақ жаттығуы. "Құлыптар".</b> Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Саусақтарды ойнатайық, (саусақтармен жыбырлату) Бір-біріне уқалайық. (қос алақанды уқалау) Қатарда айқастырып,	<b>Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.</b> "Қуыршақ Данамыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды Dana қуыршағына қарап, тақпақты мәнерлеп айтуда, қимылдармен сүйемелдеуге ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: қуыршақ. Педагог қуыршақтың суретін немесе ойыншықты	"Көліктегерге дөңгелектерді салып бер" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер. Балаларды көлемі әртүрлі көліктегердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдалап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай	Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. Тобымызда күн сайын, Жаттығу орындағық. Тәртіп бойынша ғана, Жаттығу орындалады: Барлығымыз отырып, Барлығымыз тұрамыз. Оңға - солға бас бұрып, Керіліп, айналамыз.	"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды

	<p>(алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу)</p> <p>Мықты құлыптар жасайық. (қос қолды жүдьырыққа қысу, "құлып" жасау)</p> <p>Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>балаларға көрсетіп, оның шашының жиналмағанына көңіл аударады.</p> <p>- Балалар, қарандаршы, Даны балабақшаға шашын тарамай, жинамай келді. Олай бола маекен?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ай-ай,-ай!</li> <li>- Данага ақыл айтайдыбы.</li> <li>- Қуыршақ Данамыз ерке,</li> <li>Оянып алышты ерте.</li> <li>Ұйқысы оның қанбапты,</li> <li>Шаштары таралмапты.</li> <li>– Dana, сен босқа тұрма,</li> <li>Шашыңды жинап, тара!</li> <li>Тарап, тарап, буып ал,</li> <li>Бантиктерді тағып</li> </ul>	<p>дөңгелектерді салып беру.</p> <p>- Көлікке сай дөңгелекті салайық.</p> <p>Көлікті көшеге шығарайық.</p> <p><b>(сурет салу)</b></p>	<p>Бір - біріңе жымып, Күлімсіреп қарандар! Ешқашан қабақ түйіп, Достарға қарамандар!</p> <p>Тусипжанова-Шагирова А.</p> <p>Текшелермен ойын. Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды текшени ұстап-сипау арқылы сыртқы сипатын тануға ынталандыру, қолдың ұсақ моторикасын, түйсігін, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>"Текше".</p> <p>Текше – тәртбұрышты өкше.</p> <p>Қырлары мен бұрыштары көп ше.</p> <p>Текшені қалай қойсан да,</p> <p>Тұрады, құламайды,</p>	<p>бірінің ішіне бірін кезегімен салып жинау.</p> <p>- Қандай тамаша!</p> <p>Алдымызда көп сандықша.</p> <p>Сандықшалар бірдей емес,</p> <p>Кішкентай, орташа, үлкен.</p> <p>Кішкентайды үлкенірекке салайық,</p> <p>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.</p> <p><b>(сенсорика)</b></p>
--	---	---	---	---	---

		<p>ал. Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)</b></p>	<p>Қатарларға тізіліп, Қақпаны қалайды. <b>(дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b></p> <p>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.</p> <p>1–1 қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.</p> <p>1–2 қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру.</p> <p>қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.</p> <p>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.</p> <p>2–2 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2–3 жерге отыру, допты жерге қою.</p> <p>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет).</p> <p>3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.</p> <p>3–1 енкею, допты жерге қою.</p>			

	<p>3–2 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>3–3 еңкею, допты жерге қою.</p> <p>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).  <b>(дene шынықтыру)</b></p>
<b>Танғы ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту.</p> <p>Тамақ ішү мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу.</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сұртемін. Тап - таза, көңілді бол, Мен үнемі жүремін.</p> <p>Тусипжанова-Шагирова А.</p> <p>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке</b>	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін, бәсендедеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады.

дайындық	<p>Сәлемдесу ойыны: ""Менің көмекшілерім"".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөлениуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дene мүшелерін қабылдаپ тануға тәрбиелеу.</p> <p>Мынау – менің жүргегім, Бәрі осыдан басталған, Мынау – басым ақылды. Бәрін осы басқарған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым. Барлық істі атқарған.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>										
Білім беру ұйымының кестесі  бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%; padding: 5px;">Дене шынықтыру</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;">Музыка</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;">Дене шынықтыру</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;">Дене шынықтыру</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;">Жапсырудан ойын-жаттығу</td> </tr> <tr> <td>"Пингвинмен жаттығу жасайык". Мақсат-міндеттер. Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстасып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларапын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру;</td> <td>"Электроника әлемі". Мақсат-міндеттер. Балаларда әуенде есту, сезіну қабілеттерін қалыптастыру; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғакты қимылдарды орындаі білу іскерліктерін жетілдіру; техника</td> <td>"Пингвин ұқсан жүрейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстасып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан</td> <td>"Шынықсақ – шымыр боламыз!" Мақсат-міндеттер. Балаларды екі аяқпен қашыққа секіруге жаттықтыру; секіру кезінде жеңіл секіре білуге дағдыландыру; қос аяқпен секіргендеге аяқтарын бірдей қозғауға машиқтандыру. Балалардың екі аяқпен қашыққа</td> <td>"Теледидарда қар жауып тұр". Мақсат-міндеттер. Балаларға теледидар туралы жалпы түсінік беру; қыс мезгіліндегі табиғи құбылыстары, қардың жауатыны туралы түсініктерді қалыптастыру; қардың дөңгелек пішініне ұқсастығын көрсету; балаларды</td> </tr> </table>	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Жапсырудан ойын-жаттығу	"Пингвинмен жаттығу жасайык". Мақсат-міндеттер. Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстасып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларапын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру;	"Электроника әлемі". Мақсат-міндеттер. Балаларда әуенде есту, сезіну қабілеттерін қалыптастыру; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғакты қимылдарды орындаі білу іскерліктерін жетілдіру; техника	"Пингвин ұқсан жүрейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстасып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан	"Шынықсақ – шымыр боламыз!" Мақсат-міндеттер. Балаларды екі аяқпен қашыққа секіруге жаттықтыру; секіру кезінде жеңіл секіре білуге дағдыландыру; қос аяқпен секіргендеге аяқтарын бірдей қозғауға машиқтандыру. Балалардың екі аяқпен қашыққа	"Теледидарда қар жауып тұр". Мақсат-міндеттер. Балаларға теледидар туралы жалпы түсінік беру; қыс мезгіліндегі табиғи құбылыстары, қардың жауатыны туралы түсініктерді қалыптастыру; қардың дөңгелек пішініне ұқсастығын көрсету; балаларды
Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Жапсырудан ойын-жаттығу							
"Пингвинмен жаттығу жасайык". Мақсат-міндеттер. Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстасып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларапын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру;	"Электроника әлемі". Мақсат-міндеттер. Балаларда әуенде есту, сезіну қабілеттерін қалыптастыру; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғакты қимылдарды орындаі білу іскерліктерін жетілдіру; техника	"Пингвин ұқсан жүрейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстасып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан	"Шынықсақ – шымыр боламыз!" Мақсат-міндеттер. Балаларды екі аяқпен қашыққа секіруге жаттықтыру; секіру кезінде жеңіл секіре білуге дағдыландыру; қос аяқпен секіргендеге аяқтарын бірдей қозғауға машиқтандыру. Балалардың екі аяқпен қашыққа	"Теледидарда қар жауып тұр". Мақсат-міндеттер. Балаларға теледидар туралы жалпы түсінік беру; қыс мезгіліндегі табиғи құбылыстары, қардың жауатыны туралы түсініктерді қалыптастыру; қардың дөңгелек пішініне ұқсастығын көрсету; балаларды							

	<p>қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және қалыпқа тұсу, жалауларды төмен түсіріп, еденді тарсылату, допты бір-біріне қарама- қарсы отырып, домалату, допты домалату кезінде көздел, дәл лақтыра білу іскерліктерін дамыту, орамалдармен жалпы дамыту жаттығуларын жасау; балалардың пингвин туралы білімдерін толықтыру.</p>	<p>туралы мағлұмат беру. Балаларда әуенде есту, сезіну қабілеттерін дамыту; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғакты қимылдарды орындаі білу іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>белгі бойынша шашырау және қалыпқа тұсу, жалауларды төмен түсіріп, еденді тарсылату іскерліктерін қайталау; допты қарама-қарсы отырып, бір-біріне домалату іскерліктерін жетілдіре отырып, оку қызметін пышықтау.</p>	<p>секіру қымылын жете менгеру қабілетін дамыту; секіру кезінде денесін женіл игере білу дағдыларын менгерту; дене, аяқ булышық еттерін жетілдіру; оку қызметі кезінде достық қарым- қатынас ережелерін сақтай білуге баулу.</p>	<p>қағаздың бүкіл бетіне ұсақ дөңгелек пішіндерді орналастырып, жапсыру амалына үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, пішінді сұлгімен басып, жұмысты таза жасау дағдыларын қалыптастыру; балаларды оку қызметінде мәдениет және ізгілік ережелеріне, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<b>Желді бақылау.</b> (қоршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер.	<b>Бағдаршамды бақылау.</b> (қоршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	<b>Көліктеді бақылау.</b> (қоршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер.	<b>Аспанды бақылау.</b> (қоршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, Мақсат-міндеттер.	<b>Күнді бақылау.</b> (қоршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер.

<p>Балаларды, ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>- Балалар, жел соғып тұр ма екен?</p> <p>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.</p> <p>- Жел соғып, бізben ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды.</p> <p>Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды.</p> <p>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?</p> <p>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.</p> <p>- Жарайсындар!</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларға бағдаршам туралы ұфым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жаңып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның пішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін.</p> <p>- Балалар, бұл не?</p> <p>- Бұл - бағдаршам. Қайталайықшы.</p> <p>- Жарайсындар!</p> <p>- Бағдаршам не үшін керек?</p> <p>"Бағдаршамдар</p>	<p>Балаларда көліктер жайлы жалпы ұфымдарды қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.</p> <p>Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері.</p> <p>Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды участкедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. (<b>еңбек дағдылары</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, үлгісіне еріп,</p>	<p>Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанының байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.</p> <p>- Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан.</p> <p><b>Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені.</b></p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды участкедегі орындықтарды қылشاқтар арқылы тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машиқтандыру;</p>	<p>Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұфымдарды қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылуды бергені туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады.</p> <p>Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық.</p> <p>Қолдарымыз -</p>
--	--	---	--	---

<b>(еңбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>Жалаушалармен</b> <b>ойын. (дene</b> <b>шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдал, ырғағына сай жалаушаларды ұстал қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде қабылдап, қосылып айтыв, қолдарды көтеріп, жоғары бұлғауға ынталандыру. Педагог балаларға жалаушаларды үлестіреді.	ұйықтамайды". Бағдаршамдар ұйықтамайды, Жымындейдьы, жымындейдьы. Бір қарасаң – қып- қызыл, Екі десе – сап-сары. Тоқтай тұрсан – жап- жасыл. Көзі көп, біреу басы. Д. Ахметова	құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. <b>"Жалауға жүгір"</b> <b>қимылды ойыны.</b> <b>(дene шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер.	тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. <b>"Торғай мен</b> <b>автомобильдер"</b> <b>қимылды ойыны.</b> <b>(дene шынықтыру)</b> Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; Балалардың сигнал бойынша жан-жакқа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру;	шуақтар, Жайылады жан- жаққа. <b>Еңбекке баулу</b> <b>тапсырмалары:</b> балаларды қарды күректермен күреп, жүргуге арналған жолдарды жасауға шақыру. <b>(еңбек</b> <b>дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңың үш бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы (қызыл, сары, жасыл). - Жарайсындар!
<b>"Машиналар</b>				

<p>- Балалар, жалаушаларды жоғары көтеріп көрейікші.</p> <p>- Тамаша!</p> <p>- Жалаушалар желбірейді, себебі жел соғады.</p> <p>- Желдің жалаушаларды қалай желбірететінін тағы бір көрсетіндерші.</p> <p>- Жарайсындар.</p> <p>- Ал енді жалаушалармен ойнайық.</p> <p><i>"Жалауша".</i></p> <p>- Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша!</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>Жаттығу бірнеше рет орындаатылады.</p> <p>Педагог балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын қадағалау керек.</p>	<p><b>жүреді" қымылды ойны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қымылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қымылдарды жасауды ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жасыл таңбалауыш</li> <li>- қолға рульді ұстаған ұқсан, арыбері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;</li> </ul>	<p>үлестіреді.</p> <p>Балалар, торғайлар қалай қымылдайды? Көрсетіндерші?</p> <p>Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (колдарын) жан-жаққа жайып, бүлғауды көрсетеді.</p> <p>- Жарайсындар!</p> <p>Балалар, торғайлар жолға отырып, жем шоқиды.</p> <p>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.</p> <p>Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді.</p> <p>- Жарайсындар!</p> <p>Педагог балалардың қымылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын</p>	<p>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болындар. Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.</p> <p>- Қанекей, балалар, тұзу тұр!</p> <p>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!</p> <p>Педагог дауыс күшін шамалы қолданады, балалардың бір-біріне соғылмауын ескереді.</p> <p><b>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүргүре үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.</p> <p>Педагог балаларды сапқа жинайды.</p> <p>Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады.</p> <p>- Балалар, естіп тұрсындар ма?</p> <p>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.</p> <p>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.</p> <p>- Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ...</p> <p>Біз алысқа -</p> <p>Ту-ту-у ..</p> <p>Жүр соңымнан -</p>
---	--	---	--	---

	<p><b>"Ирелендеңен жолдармен" ойын жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ирелендеңен жолдардың бойымен жүргүре жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.</p>	<p>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалактау,</p> <p>- жасыл таңбалауыш жерге шоқайып отыру.</p> <p>- Бағдаршамда жасыл шам -</p> <p>Жол ашық, машиналар.</p> <p>Бағдаршамда сары шам -</p> <p>Шапалакта, балалар.</p> <p>Бағдаршамда қызыл шам -</p> <p>Тоқтасын машиналар.</p> <p>Ойын екі рет өткізіледі.</p> <p><b>"Шеңберге дәлдe" ойын жаттығуы.</b> (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда нысананаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.</p>	<p>реттеп, қадағалап жүреді.</p> <p>- Торғайлар, торғайлар, Ұшындар, ұшындар!</p> <p>Жолға қонып отырындар,</p> <p>Жемді шоқындар!</p> <p>Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, аландан шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.</p> <p>- Автомобиль келе жатыр!</p> <p>Абайландар!</p> <p>Ұшындар жан-жаққа:</p> <p>- Ұш, ұш!</p> <p>Ойын екі рет ойнатылады.</p> <p><b>"Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік"</b></p> <p><b>жаттығуы.</b> (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа</p>	<p>Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова Педагог сапты бастаса да балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмаудың қадағалап жатады.</p> <p><b>"Доптар сияқты секірейік"</b></p> <p><b>қимылды жаттығуы.</b> (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>
--	--	---	--	---

			қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-тендігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру.		
Серуеннең оралу	<b>Серуеннең кейін беті-қолды сүмен тазалап жуу дағдысын бекіту.</b> Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолынды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
Тұскі ас	<b>Гигиеналық дағдылар</b> "Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу. Көркем сөз. Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сұртемін. Тап - таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін.				

	<p>Тусипжанова-Шагирова А.</p> <p>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтаудына жағымды жағдай жасау.
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p><b>"Қоян" тақпақ-оятпағы.</b></p> <p>Қоян, қоян, тұршы, Беті-қолыңды жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тараши. Әдемі көйлек киши, Бізге қонаққа келші. Содан кейін балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге су қабылдау шаралары қабылдауға барады:</p> <p>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. Жуса таза болады, Беті-қолың, маңдайың".</p> <p>Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу, жайлы.</p> <p><b>Шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Дымқыл сұлгімен сұртіну. Тұрлі дәстүрден тыс кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңақ жүру. <b>(дene шынықтыру)</b></p>
<b>Бесін ас</b>	<p><b>"Біз қалай тамақтанамыз" ойын жағдаяты.</b></p> <p>Дастарқан басында тыныш, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың кең жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануға үйрету, өздігінен ұқыпты</p>

	<p>тамақтануға төрбиелу.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Шәйнек". Мақсат-міндеттер. Балаларға шәйнектің ерекшелігі туралы түсінік беру; қонақ кәдесі бойынша үй жануарларын шайға шақыру арқылы бала тілін жаттықтыру; жан-жануарлар тіршілігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың үй жануарларын шайға шақыру арқылы есте сақтауы мен тілін, дүниетанымы мен зеректігін дамыту.  <b>"Не қалай дыбыстыайды?"</b>	<b>Қоршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Тоңазытқыш". Мақсат-міндеттер. Балаларды тоңазытқышпен таныстыра отырып, сүт өнімдері мен басқа тағам түрлерінің дәмді болып, сақталуына тоңазытқыштың қызметі мен маңызының зор екені туралы түсінік беру; тоңазытқыштың әрбір үйде болуы қажет екені туралы ұғымдар қалыптастыру.  <b>"Қандай пішіндер жасырынды?"</b> дамытушы	<b>Сенсорикадан ойын-жаттығу</b> "Пирамида". Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың ортақ сенсорикалық сипаттарын ортақ қасиеттері бойынша сәйкестеп, топтастыруға үйрету; көлемі бірдей және әртүрлі заттарды салыстырып, белгілі қасиет бойынша бөлу маңызының зор екені туралы түсінік беру; тоңазытқыштың әрбір үйде болуы қажет екені туралы ұғымдар қалыптастыру.  <b>"Тұрлі түстер (екінші бөлім)"</b>	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Корапшага кәмпитет жинадық". Мақсат-міндеттер. Балаларды бірынғай көлемдегі ұсақ шақпақтарға бөлінген шаршы пішінін, "кәмпитет корапшасын", саусақпен салынатын жақпаларға, "кәмпиттерге", толтыру амалдарына үйрету; саусақты қою бояуға малып, әрбір шақпақ ішіне тұра ортасына басып, тез алуға дағдыландыру; бояудың саусақ бетінде біткенін байқап, бояуға қайта малып, сурет салуды жалғастыруға	<b>"Биік және аласа үйлерді құрастырайық" үстел ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды үшбұрыштар, шаршы, тіктөртбұрыш арқылы биік және аласа үйлерді құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту. <b>Құралдар:</b> үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз).

<b>диадикалық ойны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды көліктердің дыбыстарына елікте, дыбыстауға ынталандыру; көліктерді ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға машина, паровоз, ұшақтың дыбыстарын тыңдатады, болмаса суреттерін көрсетіп, көліктер шығаратын дыбыстарды білдіретін сөздерді айттықзады. Содан соң, аудиожазбаны тыңдатқан кезде, балалар таныған әртүрлі көліктердің дыбыстарын	<b>жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айттайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.	<b>атты мультфильмін көру.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың негізгі түстер туралы үғымдарының қалыптасуына ықпал жасау, түстерді атауға ынталандыру. <b>(сөйлеуді дамыту, музыка)</b>	<b>жаттықтыру; сұлгіні уақытында қолданып, қағаз бетін таза ұстауға баулу; кейбір азық түрлерін тоқазытқышта, соның ішінде ыстық күндері қорапшадағы кәмпитетті де еріп кетпес үшін салып қою туралы түсініктер беру.</b>  <b>"Шомылу" атты мультфильмін көру.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. <b>(сөйлеуді дамыту, музыка)</b>	Педагог балаларға қала көшелерінде түрган биіктігі әртүрлі үйлерді (немесе геометриялық пішіндерден құрылған сызбаларды) көрсетеді. Балалар биік және аласа үйлерді құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.  Үйді салғым келеді, (шапалақтау) Қабырғасы керегі, (шапалақтау) Қабат-қабат кірпіштер (жұдышықтарды бір-бірінің үстіне қойып, орындарын алмастыру)
--	---	---	---	---

	<p>білдіреді: паровоз - "ту-ту-ту", машина - "бип-бип", ұшақ - "у-у-у".</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, музика)</b></p>	<b>(сенсорика)</b>			<p>Қатар-қатар кезегі. (жұдырықтарды бір-бірінің үстіне қойып, орындарын алмастыру)</p> <p>Д. Ахметова <b>(сенсорика, құрастыру)</b></p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p>"Сағаттар" қымыл жаттығуы.</p> <p>"Тик-так".</p> <p>"Тик-так, тик-так," Жүрсін сағат.</p> <p>Біз сағатқа ұқсан,</p> <p>Жүреміз: "тоқ-тақ".</p> <p>Д. Ахметова <b>(көркем әдебиет, дене шынықтыру)</b></p>	<p>"Бағдаршамдар үйиқтамайды".</p> <p>Бағдаршамдар үйиқтамайды,</p> <p>Жымындаиды,</p> <p>жымындаиды.</p> <p>Бір қарасаң – қып-қызыл,</p> <p>Екі десе – сап-сары.</p> <p>Тоқтай тұрсаң – жапжасыл.</p> <p>Көзі кеп, біреу басы.</p> <p>Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>"Күн"</b></p> <p>Кір қысқыштарымен жаттығулар.</p> <p><b>(сенсорика)</b></p>	<p>"Шегелер".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, бағандарды есу, шымшу амалдарын игерту.</p> <p><b>(мүсіндеу)</b></p>	<p><b>Қымыл жаттығуы.</b></p> <p>- Үйді салғым келеді, (шапалақтау)</p> <p>Қабырғасы керегі, (шапалақтау)</p> <p>Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)</p> <p>Қатар-қатар кезегі. (жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру)</p> <p>Д. Ахметова <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<b>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".</b>				

	Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )
<b>Серуен</b>	Тұсқі уақыттаға серуендең бақылауды жалғастыру. ( <b>қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b> )
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтууды үйрету. ( <b>дербес қымыл әрекеті</b> )
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (<b>коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыкалық аспаптармен ойындар. (<b>музыка</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажыратада білу. Эн айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Қарапайым би қимылдарын орындау: денені онға, солға бұру, басты онға, солға ию, қолдарды сермеу.</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мұсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (<b>шығармашылық дағдылар, жапсыру, мұсіндеу, сурет салу</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мұсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендету, кесектерді біріктіру, қыышаққа арналған әшекейлерді (білесік, жүзік, қол сағат) мұсіндеу, заттардың үқсастықтарын табу. Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылыш бөлшектерін үқыптылықпен жинау.</p> <p>Үстел-үсті ойындар, саусақ моторикасын дамытатын ойындар ойнату. (<b>сенсорика</b>)</p> <p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p>

<b>Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарға кеңес)</b>	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланы үйдегі қаупсіздік ережелерімен таныстыру", "Баланы өздігінен киіну тәртібіне үйретудің маңызы", "Баланың далаға киінуінің тәртібі".
---	---

Тексерген   Конопъянова А.К.:

